№51 (1117)
24 желтоқсан,
бейсенбі
2015 ЖЫЛ

Газет 1994 жылғы қаңтардың 28-інен шыға бастады

Түркістан

Халықаралық саяси апталық

Біздің электронды пошта: turkestan_gazeta@mail.ru
Біздің сайт: www.turkystan.kz

Осыдан 125 жыл бұрын, 1890 жылдың 25 қарашасында бүкіл түркі жұртының асыл перзенті Мұстафа Шоқай дүние есігін ашып еді. Бұл айтулы оқиға Алматыда Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ұйымдастыруымен халықаралық, өзінің туған жері Сыр бойында Қызылорда облыстық және Шиелі аудандық әкімдіктерінің басшылығымен республикалық конференциялар, басқа да көпшілік мәдени іс-шаралармен аталып өтті.

Бүгін оқушылар назарына саяси ғылымдарының докторы, Қазақ гуманитарлық Заң университетінің профессоры Әбдіжәлел Бәкірдің «Саяси сарапшының сергек сезімі» атты мақаласын ұсынып отырмыз.

САЯСИ САРАПШЫНЫҢ СЕРГЕК СЕЗІМІ

кеңестік жүйенің қаныпезерлігін дөп басып таныған еді

Энциклопедиялық білімдар, тамаша тарихшы Мұстафа Шоқай кеңестік жүйенің бітіспес қас жауы ретінде өз шығармашылығының өзекті тақырыбын Түркістан аймағы еткені белгілі. Бұған оның тоғыз тілде жазылған 900-ден астам еңбектерінің төрттен бірінен астамы арналған болатын. Дегенмен арысы КСРО, берісі Түркістан аймағына әсер ететін халықаралық саяси тақырыптар да жалынды публицистің тұрақты назарында болды. Бұған 1920 жылдардан бастап қалам тартылса, ал 1930 жылдан кейін ерекше көңіл бөлінген. Негізінен орыс, француз, ағылшын және түрік-шағатай тілдерінде жазылған 150-ден астам мақалада сол кездегі Батыс пен Шығыстағы іргелі ондаған елдің сыртқы саясаты салиқалы сөз болған. Сөйтіп Мұстафа Шоқай өзін шын мәніндегі қаламы жүйрік, жалынды публицист, саяси сарапшы ретінде танытқан болатын.

Ерекше сергек сезімді Мұстафа Шоқай өткен ғасырдың бірінші жартысындағы халықаралық өмірде, оның ішінде Еуропадағы өзгеріп келе жатқан ахуалды байқамауы мүмкін емес. Әсіресе, адамзат қауымдастығының негізінен екі жүйеге, біріне-бірі қарсы екі лагерге бөлінуі саяси қайраткерді алаңдатқаны белгілі. Онсыз да тілдік, ділдік және діни-идеологиялық еркшеліктер мен айырмашылықтардан туындап жататын қайшылықтарды әлемдегі бұл өзгеріс ушықтыра түспесе, әсте бәсеңдете алған жоқ болатын.

XX ғасыр басында әлеуметтік әділеттілікті ту етіп, адамзат қазынасына бергені аз, алғаны көбірек болған Кеңес өкіметі тарих сахнасына шығысымен өзінің революциялық идеяларын, коммунистік насихатын қол жеткен елдерге түрлі жолдармен тасымалдай бастады. Большевиктер 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін өздерінің бетке ұстар ұрандарының бірі болған «ұлттың өзін-өзі билеушілігі» туралы теориясын өкімет басында нығайып алғаннан соң бос дақпыртқа айналдырып, екіжүзділік жасағанын жақсы білетінін Мұстафа Шоқай алғаш 1920 жылдың ақпанынан 1921 жылдың наурыз айларында (сол кезде шыққан мақалалардың уақытына қарай айтып отырмын – Ә.Б.) Грузияда жазған мақалаларында танытқан болатын. Мұны Тифлисте шығатын «Вольный горец» газетінде басылған «Большевизм және Анатолия қозғалысы», «Кемалистер мен большевиктер», «Анатолия түріктері арасында» т.б. материалдарынан айқын аңғаруға болады. 1920 жылғы 12 маусымда «Вольный горец» газетінде жарияланған алғашқы екі мақалада Мұстафа Шоқай Ресей большевиктері мен Түркиядағы Анатолия қозғалысына қатысты мәселені арқау етеді. Ресейліктердің хабарларында Түркиядағы барлық революциялық күштің шоғырланған орталығы Анатолия кеңестік Ресейдің Қызыл армиясымен бірге мұсылман Шығысын еуропалықтардың езгісінен тез босатуға ынтығып отыр деп, Түркиядағы жағдайдың өңін айналдырып берген еді. Бұл кеңестік стиль болатын. Алайда автор Кіші Азиядан Константинополь арқылы Батумиге келген, Түркиядағы жағдайды жақсы білетін кісінің мәліметіне сүйене отырып, Мұстафа Кемал бастаған қозғалыстың революционизмі тек Антантаға қарайтын Константинополь билігіне бағынбауға бағытталғанын, ал Анатолиядағы қозғалыстың мәскеулік коммунизммен ешқандай жалпы идеялық жолы қиыспайды деп жазады. Бұл мақалалардан екі мәселе айқын байқалады. Біріншісі, әлі тарихы толымсыз Ресей большевиктерінің Түркияға әсер етуге ұмтыла бастағандығы. Оның басты себебі Антантаның ықпалымен екіге бөлініп отырғанда солтүстік коммунистердің «ұлттардың өзін-өзі билеуі» дейтін перделі насихатының анатолия түріктерінің мүдделерімен үндес болуы. Екіншіден, Мұстафа Шоқайдың түрік елін өте жақсы білуі мен оған орынды іш тартуы. Бұл соңғы сезімді кейін Түркия туралы жазған мақалаларынан да жақсы аңғаруға болады.

Тарих сахнасына келгеніне үш жыл тола қоймаған кеңестік насихаттың саяси сипаты да, оның болашағы да «Кемалистер мен большевиктер» атты мақаладан жақсы танылады. Мұнда екі елдің билігінің Әзірбайжанға қатысты ұстанымдары әңгіме етіледі. Саяси шолушы, соңғы кездері большевиктер мен кемалистердің өзара қарым-қатынасы туралы мәселе өзекті сипат алып отырғандығын, сондықтан бұл арақатынастың шынайылығына жарық беретін әрбір жаңа хабарды елеп отырудың қажеттігін алға тартады. Түркия елінде болғандардың нақты мәліметі арқылы онда большевиктердің азат етушілік миссиясына күдікпен қарап, олардың насихатында көтерілген мәселелердің жалғандық сипатын дұрыс түсіне бастағандығына дәлелдер келтіреді. Мұстафа Кемалға жақын адамның бірі біз большевиктерден көптеген жаңалықтар естіп едік, бірақ олар туралы көптеген жаман да нәрселер естідік. Бұрын большевиктердің әңгімелеріне күдікпен қарасақ, енді Әзірбайжандағы Гянджадағы қантөгістен кейін бәрі де айқындалды дейді. Ал «Анатолиядағы түріктер арасында» атты мақалада Мұстафа Кемал басшылық етіп отырған аймақтың ішкі жағдайынан хабар беріледі. Мұндағы мемлекеттік биліктің бір тармағы болып отырған Үлкен Халық Жиналысы депутаттарының үш топтан тұратындығы айтылады. Олардың басым бөлігі Мұстафа Кемалдың билігін қуаттайды. Екінші топ – «Халк зюмрясы», мұсылман социалистер. Үшінші топтағы депутаттар коммунистерге идеялық жағынан ықыласты. Елдің саясатында орыс большевиктерінің ықпалы екі жақты көрініс беретіндігі атап көрсетіледі. Біріншіден, анатолиилiктерге Ресей большевиктерінің насихаттарындағы халықтарды, ұлттардың, бүкіл түркі халықтарының, мұсылман әлемінің құқықтарын қорғаймыз деген ұраны ұнайды. Екінші жағынан, жергілікті халыққа олардың Англия мен Франциямен күрес туралы ұрандары жағады. Өйткені өздерін, тұтас түріктерді екіге бөліп отырған Англия мен Франция т.б. елдер кіретін Антанта бірлігі болып отырған еді.

Реті келгенде айта кеткен артық болмас, 1920 жылдардан саяси қырағы назарында болған Мұстафа Шоқай 30-жылдарынан өз кезіндегі жалғыз азат Түрік елі тақырыбына қайта-қайта оралып отырған екен. Күндердің күнінде 1922 жылы тәуелсіздік алған елден азаттық лебі есер ме екен деген арман авторда болмады деп айту қиын. Әсіресе, Түркияның Ұлттар Ұйымының Кеңесіне кіруіне ерекше қуаныш білдірген «Түркия және Ұлттар Ұйымы», «Түркияның Ұлттар Ұйымына кіруіне большевиктердің көзқарасы» атты екі мақала жазуын түсінуге болады. Бұдан кейінгі «Түркістан Кеңес баспасөзі және Түркия республикасының 10 жылдығы», «Түркия-Кеңес достығы (Уәли Нұралдин бектің мақалаларына орай)», «Мәскеу және Түрік Коммунистік партиясы», «Большевиктердің Түркиямен «адал достығына» куә боларлық бір тарихи құжат», «Мен патриотпын» газеті Түркия саясаты хақында» және т.б. мақалалардан түрік халқының азаттығына деген шынайы көзқарасын аңғару қиын емес. Енді батыстың мәдениеті мен демократиясы жолына түскен Түркияның өзінің халықаралық жағдайын нығайта түсетінін қуанышпен қабылдаған публицистің көңіл күйін түсінуге болады. Бұл материалдар арнайы зерттеудің тақырыбы болса құба-құп.

Ресей большевиктері революцияшыл идеясын көрші Ауғанстанға да таратуға ұмтылғаны Мұстафа Шоқайды бейжай қалдырған жоқ. 1926 және 1929 жылдары орыс, француз және ағылшын тілдерінде жазылған «Большевиктер мен Ауғанстан», «Ауғанстанда» және «Ауғанстандағы жағдай» сияқты аттармен жарияланған сегіз және 1928 жылғы француз тілінде жазылған «Кеңестер мен Ауғанстан» атты мақалаларда Кеңес үкіметінің Ауғанстандағы ұлттық қозғалысқа «тілектестік» білдіруінің екі-үш себебі ашылады. Біріншісі, Англияның Шығысқа ықпалына қарсылық білдіруінен туындайды. Сондықтан ауған мәселесіне қатысты мақалалар мен кеңес дипломаттарының ресми сөздерде Ауғанстанға «достық» көңілдерін, тіпті ағылшын-ауған қатынастарында қиындық туып жатса, кеңес өкіметі Ауғанстанды тікелей қарулы күшпен қорғауға дайын екендігі айтылады. Екіншісі, осы арқылы бұл аймақта кеңестік ықпалды күшейту, күндердің күнінде коммунистердің билікке келуін қамтамасыз ету. Үшіншіден, ауғандық тәжік пен түрікпендердің кеңестік Тәжікстан мен кеңестік Түрікменстан тулары астында большевиктік жүректе терең орналасқан болашақ ауған революциясы үшін бірігу. Мұстафа Шоқай Кеңес саясатының Ауғанстан жөніндегі бағыты осы деп атап көрсетеді. Тіпті, 1929 жылы жазылған «Большевиктер мен Ауғанстан» атты көлемді мақаласында да елдің ішкі жағдайының өте күрделеніп кеткенін, кеңес басылымдарының мұның барлығы ағылшындардың ісі деп айтатынын сөзге тиек етеді. Одан әрі большевиктер саясатының әсте өзгермегенін, Ауғанстандағы «әлеуметтік күштердің бірлігі» негізінде бұл аймаққа Түркістандағы кеңес тәжірибесін ендіру, одан ары ағылшын империализмінің елді езуге тырысып отырғанын, тәуелсіз Ауғанстанның шекарасын жойып, өзінің армиясын Кеңес Одағының шекарасына жақындатуды көздейтіндігі туралы жазылған. Ал большевиктер Ауғанстанның алдында өзінің «достығын» көрсету арқылы Индия іргесіне жетуге ұмтылуда. Осыны есінде ұстаған Мұстафа Шоқай 1930 жылы «Индия» деген арнайы мақала жазып, осы жылдың 26 қаңтарын өзінің «Тәуелсіздік күні» деп жарияласа да, көлемі жағынан Батыс Еуропаға тең келетін, халқының саны 350 миллионға жеткен, 200 әртүрлі тілде сөйлейтін, ондаған діни ілімдері бар Индияның ауызбірлігі жоқтығына қатты алаңдаған болатын.

Біздің большевизм мен Түрік және Ауғанстан арақатынасына қатысты материалдарға көбірек тоқтап отыруымыздың жалғыз ғана сыры бар. Ол – Кеңес Одағының екіжүзділігі, «достық» қолын ұсынған болып, көрші елге өз революциялық идеяларын тықпалау, халық арасында іріткі салу, реті келсе төңкеріс жасау.

Мұстафа Шоқайдың халықаралық тақырыпқа аса белсенді қалам тартқан кезі 1930-1939 жылдарға тұспа-тұс келеді. Бұл жылдары 100-ден астам мақала жазылған. Әсіресе, екінші дүниежүзілік соғысы алдындағы әлемдік саясатты жіті қадағалап отырғаны ерекше байқалады. Мақалаларда әлемдік экономикалық дағдарыс, Англия, АҚШ, Австрия, Германия, Италия, Жапония, Қытай, Польша, Палестина, Франция, Чехословакия, Шығыс Түркістан т.б. елдерінің сыртқы саясаттарының, жалпы халықаралық өмірдің өзекті мәселелеріне саяси сараптама жасалған. Бұл тарихшылар мен саясаткерлерге өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы халықаралық мәселелерден мол мағлұматтар берері сөзсіз. Бір ескеретін нәрсе, халықаралық тақырыптардың қандайына болмасын қалам тартса да Мұстафа Шоқай туған елі, Түркістан өңірін әсте есінен шығармайды. Бар мәселені осының маңына топтастырады, халықаралық ахуалдың ұлттық тәуелсіздікке тигізер ықпалын ылғи ойлап, жалпы түркі халықтарының азаттығы төңірегінде шынайы пікір қалыптастыруға ұмтылып отырады. 1932 жылы «Қиыр Шығыста» атты мақаласында: «Біз мейлі Қиыр Шығыста болсын, мейлі басқа бір жақта болсын, қашанда Ресейдің беделі түсіп, жеңілістерге тап бола беруін күтеміз» – деп жазуы тегіннен-тегін емес еді. Өйткені орыс-жапон соғысында Ресейдің жеңіліске ұшырағаны оның тепкісіндегі елдер үшін орасан зор жеңілдіктер әкелгені сол кездегі жұрттың есінен шыға қойған жоқ болатын.

1930-жылдардың басында дүние жүзін шарпыған дағдарысты бірінші дүниежүзілік соғыс тудырған еді. «Германиядағы қаржы дағдарысы» және «Ағылшын дағдарысы» атты мақалалар осы оқиғаларға арналған. Мұстафа Шоқай алғашқы мақалада Германиядағы қаржы дағдарысы бірінші дүниежүзілік соғыстан соңғы құбылыстардың арасында басты оқиға болып, экономика мен саясаттың соншалықты тығыз байланысты екенін дәлелдеп, көрсетеді. Германияның қаржы дағдарысы ғасырымыздың ең ұлы және ең алдыңғы елдері – Англия, Америка және Францияға қарсы соғысқанының нәтижесі дейді. Мұстафа Шоқай: «Соғыста жеңілген Германия аумағының 12 пайызынан және 6 миллион тұрғындарынан айрылды. Бұдан басқа Азия мен Африкадағы 31 миллион тұрғыны бар отарларынан да жұрдай болды», – деп жазды. Саясаткер тұлға осы кезде пайда бола бастаған кейбір саяси құбылыстарды айта отырып, 1930 жылғы сайлау солшыл радикалдарды (ұлттық социалистер-гитлершілдер) тым күшейтіп жібергенін айтады. Автор сонымен қатар Германиядағы қаржы дағдарысы саясаттың қандайлық зор рөл атқарып отырғанын ғана емес, сондай-ақ, дағдарыстың да саясатта соншама зор саяси рөл ойнай алатын мәнді екенін көрсетіп берді деп түйіндейді. Бұдан соғыстың қаншалықты қиратушылық, жоюшылық күші барын айқын көруге болады. Бірақ билік басындағылар мен олардың маңайындағылардың өктемдігі көп жағдайда алдағаны ойландырмайды. Мансапқор, билік басын айналдырған, өзінің ғана қамын ойлаған басшылықтың несі кетеді. Екі ортада қарапайым халық зардап шегеді. Ал «Ағылшын дағдарысы» деген мақалада соғыстан кейінгі сұрапыл дағдарыстың сол кездегі дүние жүзіндегі ең қуатты саналатын Англияның өнеркәсібін тоқырауға әкеліп, жұмыссыздықты көбейткені жайында жазылған. 1925 жылдың қаңтарындағы 1 307000 жұмыссыздар саны 1931 жылы 2 663 000 жеткен. Сондай-ақ бұрын ағылшын лирасы дүние жүзіндегі ең күшті ақша саналып, халықаралық сауданың жартысынан астамы осы арқылы жүретін болса, дағдарыстан кейін оның құны әлсіреп, Америка мен Франциядан жәрдем сұрауға мәжбүр болған. Осы экономикалық саладағы дағдарыс саяси дағдарысқа ұласып, мемлекет басшылығында тартыс басталады. Оның негізі, Шоқай пікірінше, ұлттық мүддеде жатыр еді. Сол себептен 1927 жылғы парламент сайлауында жалпы ағылшын ұлты мен мемлекеттің мүддесі қамтамасыз етілгенде ғана жалпы жұмысшылардың мүддесі шешіледі деген партия жеңіске жетеді. Өйткені саясат әлемінде дүниедегі ең алдыңғы қатарлы, демократиялы Англия тәрізді мемлекеттегі ұлттық идеялар сол кезде сәнге айналған социалистік идеяларды күйрете жеңді, бұл біз үшін де аса құнды сабақ бола алады деп түйіндейді ойын автор.

Мұстафа Шоқайды Ресей мен Жапония қатынасына байланысты Қиыр Шығыс оқиғалары ерекше қызықтырған. Бұл тақырыпқа қатысты саяси сарапшы Қытай, Қиыр Шығыс және Манжурия мәселелерін сөз етіп, жеті мақала жазған. Сол себепті Түркістан аймағының жақын көршісі, күн шығыс мемлекеті Қытай туралы екі мақалаға қысқаша тоқтай кетейік. Екеуі де сол кезде бүкіл дүние жүзінің назарын өзіне аударған Манжуриядағы жапон-қытай қақтығысы жайында еді. Бұған Манжурияда бір жапон офицерінің өлтірілгені себеп болып, мәселе Манжурияда Жапонияның мүддесін қорғау мен ықпалын күшейту төңірегіне ауысады. Өйткені жапондарға аралдары тарлық етеді, халық саны өсіп, өнеркәсіп тез дамыды. Өнеркәсіп товарларына жаңа базар, жапон мұғажырларына (эмигранттарына – Ә.Б.) қоныстанатын жаңа территория керек. Сол себепті Жапония көршісі Кореяға және темір жолы дайын Манжурияға көз тігеді. Тіпті Манжурияда өнеркәсіп орындарын салу үшін көп мөлшерде қаржы жұмсады және онда мұғажырларын орналастыруға кірісті. Сол кезде Манжурияда 250 мыңдай жапондық бар еді. Бұл аймақ көрші мемлекеттердің белгілі мүдделері түйіскен жер болатын. Бірақ дүниежүзілік соғыс, төңкеріс және ішкі соғыстар әлсіреткен Ресейдің Манжурияға қарай ұмтылысын тоқтатып тастаған еді. Ал Кеңес өкіметі патшалық отарлау тактикасына өзгеріс енгізіп, «төңкерістік насихатты» іске қосты. Осы тәсілмен Манжурияның көршісі Моңғолияны Қытайдан бөліп алып, өз ықпалындағы Моңғол Халық Республикасын құрды. Жапониямен тікелей қарулы қақтығысқа барудан қорыққандықтан «бар көмегін» қытай большевиктеріне үйіп-төгуде. Ішкі алауыздықтар салдарынан бөлшектеніп жатқан Қытай өзінен жеті есе кіші Жапонияға төтеп бере алмай, «Жапондар Ұлттар Ұйымының қаулысын, 1922 жылғы Вашингтон конференциясының қаулысын, Бритaн Келлог мәлімдемесін (1928 жылғы Париж пактысы) және Ұлттар Ұйымының соңғы қаулыларын бұзып жатыр» деп дүниө жүзіне жар салып шағынуда, бірақ жапондықтар мұны елейтін емес.

Осылардың бәрін баяндай отырып, автор өзге елдердің жапон-қытай жанжалына қалай қарайтынына тоқталады. Еуропа елдері Манжурияда кеңестік Ресей мен Қытай арасында Шығыс Қытай темір жолына байланысты туған жанжалда алдыңғы ел үкіметінің көзқарасын жақтап шыққан болатын. Өйткені Қытай-кеңес жанжалының негізінде шет елдердің мүддесі мен қытай халқының табиғи және тарихи құқығы арасындағы қайшылық жатқан еді. Бір таңданарлығы, қашан да ұлттық құқықты қорғағыш, антибольшевиктік, антикеңестік Еуропа Қытайға келгенде орыс большевиктерін қолдап шығып, оларды Қытайда өз буржуазиясы мен капиталистерінің мүддесін қорғайтын күш ретінде көреді. Ал Ресей большевиктерінің нағыз империалистік рухы Қытайға қарсы жүргізілген осы қанды соғыстар тұсында өте-мөте айқын көрінді, сондай-ақ Қытайға көмектесуге тиісті мемлекеттер бұл елдің мүддесін қорғаудың орнына, өздерінің Қытайдағы артықшылықтарын сақтап қалу саясатын ұстанып отыр деп атап өтеді автор.

Ұлы гуманист Мұстафа Шоқай мақалада: «Құқық дегеніңіз тек идеологиялық бір негіз ғана. Өз құқығыңды қорғап қалуың үшін жеткілікті күш болуы лазым. Қытайда осы күш жоқ болып отыр. Ақиқатты ешкім ешқашан тек құқық атымен ғана қорғап қала алмақ емес», – деп қай ел болмасын маңызды мәселені көтереді. Одан ары алауыздық жайлаған Қытай қасіретінің тағлымы мол екенін атап көрсетуімен қатар автор әлсіздіктің не екенін көргендер, шет елдердің жәбір-жапасын бастан кешіргендер ғана басқалардың басына түскен бақытсыздықтарға әділ баға бере алады деп сыр шертеді. Мақала соңында «Өзіңнің ұлттық құқығыңа сүйеніп, тәуелсіз ел ретінде өмір сүргің келсе, онда сол құқығыңды күресіп алу үшін қажет болатын күш жинауға барыңды сал» деген Мұстафа Шоқайдың көкейінде Түркістан аймағы үшін күрестің көкейде тұрғанына сенім мол. Ия, өз күшің мен өз құдіретің болғаны бәрінен де жақсы екені дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Бірақ тағдыр оны кім болса, соған сый етіп ұсына бере ме?

1932 және 1934 жылдары жазылған «Қиыр Шығыста» деген екі мақалада Ресейдің Қытай мен Жапония араларындағы Манжурия төңірегіндегі дау-дамайға байланысты мәселелер айтылған. Манжурия мәселесінің дүние жүзі баспасөзіне де тақырып болуының өзіндік сыры бар. Манжурия Сары теңіз бен Жапон теңізіне шыға алатын Қиыр Шығыстағы маңызды, аса бай өлке болатын. Сондықтан мұндай жағдай Ресейді қызықтырмай қалмады. Мұстафа Шоқай Ресейдің өзінің табиғатына сәйкес саяси сипаттама берген: «Ресей – дүние жүзінде ең қомағай, ешқашан тойымы жоқ мемлекет. Ол жерді қанша иемденсе, соншалықты араны ашыла түседі. ... Ол Қиыр Шығысты уысына ұстап тұрған күннің өзінде империалистік және отаршылдық тәбетін ешбір кемітпеген болар еді. Ол әуел бастан қанағатсыз болып жаратылған. Біз мейлі Қиыр Шығыста болсын, мейлі басқа бір жақта болсын, қашан да Ресейдің беделі түсіп, жеңілістерге тап бола беруін күтеміз». Себебі Жапониямен соғыстағы Ресейдің жеңіліс тапқаны оның тепкісіндегі ұлттар үшін орасан зор жеңілдіктер тудырған болатын. Ал екінші мақалада автор орыс империализмінің Манжуриядан шегінуін маңызды оқиға деп, осымен Ресейдің орыс-жапон соғысынан басталған Таяу Шығыстан шегінуінің бірінші дәуірі аяқталды деп санайды. Оған қуана қол соғатынын және осы үдеріс тоқтап қалмай, ең соңында орыс империализмінің Азиядан түгелдей қуылуын тілейтінін де, Азия халықтары сонда ғана кең тыныс алып, ұлт-азаттық күрестің мақсаттарына жетеді деген қуанышын жасыра алмаған. Бұл мақалалардан өткен ғасыр басындағы Ресейдің отаршылдық саясатымен бітіспес қайсар қайраткерді жақсы тануға болады.

Халықаралық тақырыпқа қалам тартқан Мұстафа Шоқайды қандастарымыз, көптеген өзге түркі тектес ұлт өкілдері қоныс еткен Шығыс Түркістан мәселесі де бейжай қалдырмаған. «Шығыс Түркістан мәселесі төңірегінде», «Шығыс Түркістан, сыртқы дүние және біздің міндеттеріміз» «Қытайлар мен кеңес Үкіметінің Шығыс Түркістандағы достығы», «Шығыс Түркістанда» деген орысша, француз және басқа тілдерде жазылған мақалаларында ол Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық күрестің барысы және оның сыртқы дүниемен байланысы, қарым-қатынасына арнайы тоқтап, Шығыс Түркістан халқы да әлемнің басқа еркін, азат халықтары сияқты өз тағдырын өзі айқындауын қалайды. Осы бір әділетті күресте көрсетіліп жатқан және көрсетілуі мүмкін кез келген көмекке шын жүректен ризашылығын танытады. Ал «Қытайлар мен Кеңес Үкіметінің Шығыс Түркістандағы достығы» атты мақалада ол Шығыс Түркістан жөніндегі Қытай, Мәскеу саясаттарына тоқталып, Мәскеудің бұл өлкенің тәуелсіздігін ешқашан көргісі келмейтінін, қайта «кеңестендіруге» ұмтылып отырғаны туралы жазады.

Бұл материалдарға негіз ретінде Шығыс Түркістанда Қытайдан толық тәуелсіздік алу үшін соңғы ғасырда оншақты көтеріліс болғаны, оның үшеуінде жеңіске жеткендігі туралы баяндалады. Мұстафа Шоқай төрт жылға созылған соңғы күрестің жеңісін үлкен саяси маңызы бар оқиға деп атап көрсетеді. Сөйтіп Азияның төрінде, үш ұлы ірі мемлекеттердің – Кеңестік Ресей, Англия (Индияның отарлап отырған мемлекет ретінде – Ә.Б.) және бір жағынан Жапонияның түйіскен жерінде орнаған жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде әлемнің назарын аударып, қызығушылығын туғызған болатын. Алайда оның өмірі ұзаққа бармайды. Қытай үкіметінің армиясы азаттықты жояды. «Шығыс Түркістан қайғысы және оның біздерге сабақтары» атты мақаласында автор жеңілістің басты себебі тайпалардың және өздерінше көсем болғысы келетін жеке тұлғалардың бәсекелестігі, оның Шығыс Түркістан халқын жанышқан ең қарғысты тірлік екендігін атап көрсетеді. Мұстафа егер ішкі бірлік болмаса, егер халық өзінің ішкі тұтастығын қамтамасыз ете алмаса, ел көсемдері өзінің мансапқорлығынан жоғары көтерілмесе, онда ешқандай да күрес, құрғақ энтузиазм, сыртқы қолдау да, нәтиже бере алмайды, ішкі бірлікті сақтау мен оны нығайту ең жоғары заң болуға тиісті деген қорытындыға келеді.

Шығыс Түркістан тақырыбына Мұстафа Шоқай кейінгі жылдарда да қайта-қайта оралып отырған. Сондай мақаланың бірінде автор Шығыс Түркістан түріктерінің қытай билігіне қарсы ұлт-азаттық күресі басталған күннен бастап большевиктердің мазасы кете бастағанын жазады. Себебі Шығыс Түркістанда тәуелсіз түрік мемлекетінің шаңырақ көтеруі кеңестік империализмнің Азиядағы мүдделеріне тікелей қайшы болатын. Сондықтан кеңестік Ресей әу бастан Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы бағыт ұстап, оны жаныштау үшін Қытайдың жергілікті үкіметіне сан түрлі көмегін көрсетіп келеді. Мұндай әрекеттің арғы жағында ұлт азаттық қозғалысты жерлеу жатқанын байқау қиын емес еді. Бұл большевиктердің өз мүдделеріне қайшы келетін ұлттық көтерілістерге тұрақты көрсетіп келе жатқан саясаты болатын. Оны кеңес тарихы талай рет дәлелдеді.

Мұстафа Шоқайдың тарихы күрделі жағдайларға толы, сан ғасыр тәуелсіздік үшін біресе Ресейге, біресе Германия мен Австрия-Венгрияға тәуелді болып, азаттық үшін тұрақты күресіп келе жатқан Польша туралы пікірлерін айтпай кетуге болмайды. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, ол осы жағынан Қазақстанмен тағдырлас ел. Екіншіден, Варшавада құрылған «Прометей майданы» идеясына Еуропада өкілдік етушілер Ресей тарапынан жаулап алынған елдердің саяси эмигранттары болатын. Олар Кавказ конфедерациясына бірігуші – грузин, әзірбайжан және солтүстік кавказдықтар еді. Үшіншіден, Мұстафа Шоқай шығарған «Яш Түркістан» журналы он жылдай, 1929-1939 жылдары Польшаның қоғам және мемлекет қайраткері Иозеф Пилсудский құрған «Лихие Прометеи» ұйымы арқылы қаржыландырылған тұғын.

Мұстафа Шоқай «Маршал Иозеф Пильсудский» атты мақаласында өз заманының бірегей қоғам және мемлекет қайраткерлерінің бірі саналған Иозеф Пильсудскийдің поляк халқын азат ету жолындағы қажырлы еңбегімен бірге, орыс империализмі тепкісінде жатқан барлық халықтардың қасіретін жанжүрегімен сезіп, олардың бостандығына оң көзқарасын ашық білдіріп қана қоймай, сол үшін қажымай-талмай күрескен, нағыз мемлекет адамы. Мақалада автор бір мәселені арнайы атап көрсетеді. Ол – өзінің үшке бөлінгеніне қарамай, поляк халқының ішкі бірлігін жоғалтпағаны, елдігін ұмытпағаны еді. Ал «Поляк басылымдарының үні» атты патшалық, кейінгі кеңестік Ресейдің Польшамен ара қатысына арналған мақаласында Мұстафа Шоқай Польшаның Ресей езгісіндегі басқа халықтардың мұң-зарын өте жақсы түсінетіндігін және олардың нағыз жанашырлар екенін көрсетеді. Өйткені поляктардың Ресей тарапынан көрген қорлықзорлығының теңдесі жоқ болатын. Сол себепті «Поляктар – өзім құтылдым, өзгелер не болса, ол болсын» деп әсте ойламайтын, адамгершілігіне қаһармандығы сай ғажайып халық» – деп поляк халқына тамаша сипаттама береді.

Мұстафа Шоқай 1935-1940 жылдар арасында түрлі елдердің сыртқы саясатын былай қойғанда тек «Халықаралық жағдай», «Халықаралық өмірден», «Халықаралық саясат», «Халық ахуалы» деген тақырыптармен 20-ға жақын негізінен орыс тілінде мақала жазған. Автор осы уақыттың басты-басты оқиғаларының өзі болашақ туралы әркилы ойларға жетелейтінін, осыларға тереңірек үңіліп, пайымдап қараған сергек сезімді саясаткер өз кезіндегі халықаралық жағдайдың соғысқа итермелейтін факторларға төтеп бере алмайтындай күйге ұшырағанын дәл таныған. Мысалы, өте-мөте қиындықпен құрылған Англия – Франция – Италия бірыңғай майданы өз ішінен бүлініп, ыдырауға даяр еді. Қиыр Шығыста Жапония-Қытай қатынасы басқа түрге ене бастаған-тұғын.

1935 жылы жазған «Бүгінгі халықаралық жағдай» атты мақалада Мұстафа Шоқай өз кезінде Парижде ең көп тарайтын газеттерді бірі «Парижмид» (Paris-Midi) газетінде Еуропа мемлекеттерінің тыныштықты сақтау жолында жасасқан келісімдері туралы қызықты бір деректер жарияланады. Газеттің көрсетуі бойынша 1925 жылы осындай бітімгершілік келісімдердің саны 13 болса, арада тоғыз жыл өткенде, яғни 1934 жылы бұл көрсеткіш 115-ке жеткен. Алайда Мұстафа Шоқай осы бір қарағанда бітімгершілік саласында оң қорытынды сияқтанып көрінгенмен мұның «әлсіз, үлбіреп тұрғанын», «Бітімгершілік келісімдері» санының артуымен бірге соғыстың туу қаупі де артып барады атап көрсетеді. Өйткені мемлекет басшылары сөз жүзінде қарусыздануды жақтаған болып көрінгенімен, бірбіріне сенбегендіктен іс жүзінде жанталаса қаруланумен шұғылдануда, өзара көз алартуларынан ешқашан бастартпайды. Екінші жағынан, жер жүзінің едәуір бөлігін басып алып, дүниежүзілік төңкеріс ұранын тастап, миллиондаған орыс емес халықтарды құлдық бұғауында ұстап отырған кеңестік Ресейдің арандатушылығы бар. «Еуропа мемлекеттері тіпті өзара татуласып алды деген күннің өзінде, кеңестік Ресейдің өмір сүріп тұруының өзі оларды еріксіз қарулануға мәжбүр етеді» деп жазды Мұстафа Шоқай. Мақала дүние жүзі бейбітшілігіне басты қауіп болып табылатын кеңестік Ресей мәселесі шешілмейінше, бейбітшіліктің үміт оты лаулап жана алмайды деген көреген саясаткердің тұжырымымен ақталады.

Сол сияқты кеңестік Ресейдің өзара әскери көмек көрсету туралы Еуропаның ең күшті мемлекеті Франциямен келісіміне қол қойылғанын, оның аймақта үрей тудырудан басқаға септігі тимейтінін, оның әсіресе Алмания мен Франция қатынасын барынша шиеленістіріп жібергенін, сондай-ақ Еуропадағы ірі Ұлыбритания, Италия, және Франция сияқты мемлекеттер арасына да сызат түскенін әлем бүкіл дүние жүзілік соғысты туар сәтті күтіп отыр десе де болғандай дейді, – Мұстафа. Сондай-ақ Азия Шығысындағы болып жатқан оқиғалар алаңдатпай қоймайды. Әсіресе, ол Жапонияның орыс империализміне қарсы жүргізіп жатқан іс-қимылдарына сәттілік тілейтінін жасыра алмайды. Өйткені орыс империализмінің құлауы және Азиядағы отар халықтардың бостандық алуына мүмкіндік туғызатын жолдарды көріп, Жапония мен Алмания арасындағы достық-ынтымақ туралы келіссөз жүріп жатқанынан үміт етеді. Ал большевиктер өздеріне Алмания, Жапония және Польша шарт жасайды деп зәресі ұшқаннан кеңес баспасөзі өз насихатын осы үш мемлекетке қарсы барынша күшейтіп жатқанын көру қиын емес дейді Мұстафа Шоқай. «Достық», «ынтымақ» тәрізді сөздердің «Ұлы Антанта» деген одақта да қала қоймағаны сөз болады. Осылардың өзі-ақ халықаралық жағдайдың шиеленісе түскенінің анық көрінісі болатын. Және бұл жағдайдың орбитасына тартылмаған әлемде іргелі елдер қалған жоқ. Мысалы, Үндістан, Түркия, Иран және Ауғанстан, Алмания, Италия, Жапония мен Румыниядағы саяси жағдай, бұл елдердің Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасы, Австрияның Алманияға қосылуы, Польша-Литва қатынастары, Кеңес-Қытай достығы, Түркия-Франция, Жапон-Ресей қақтығысы, Чехославакия мәселесі, Польша мен Ұлттар Ұйымы, Франция-Алмания, Польша-Ресей, Франция-Италия т.т. деп кете береді. Мысалы 1937 жылы жазылған «Алмания, Италия және Жапонияның кеңестерге қарсы бағытталған келісімі» атты мақалада 6 қарашада Римде осы мемлекеттер арасында коммунизмге қарсы келісімге қол қойылғандығы айтылады. Әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылыққа қауіп төндіретін Коммунистік Интернационалға қарсы күресте Алмания, Италия және Жапония елдерінің күш біріктіруге әзір екенін білдіреді, бірақ бұл одақ кеңес Үкіметі мен кеңестік Ресейге қарсы күресуге қажеттілік туралы жұмған аузын ашпайды дейді Мұстафа Шоқай.

1939 жылы жазған «Бүгінгі саяси жағдай» атты мақаласында Мұстафа Шоқай Еуропа соңғы кездері өз өмірінде нағыз саяси дағдарысты басынан өткізуде, бұл сонау 1914 жылдың маусымындағы бірінші дүние жүзілік соғысты еске түсіреді дейді. Әлемнің түкпір-түкпірінде соғыстың сөзсіз болатындығы және оған дайындық туралы сөз болуда. Ал кеңестік Ресей Еуропаны соғысқа итермелеп, оның жойылуына үмітпен және сеніммен ұмтылып отырғандығы айтылады. 1939 жылғы 21 мамырда құрылған «Берлин-Рим белдігі (ось)» атты саяси-дипломатиялық одақ әскери одаққа ауысқан болатын. Бұған Венгрия, Югославия, Болгария, Италия, ықылас білдірсе, Коминтернге қарсы Жапония қосылса, ал Англо-Франция майданын Польша, Түркия, Румыния мен Грекия т.б. елдер қолдауда. Бұл майдан кеңестік Ресеймен шартқа қол қою үшін келіссөздер жүргізіп жатыр. «Берлин-Рим белдігіне (ось)» қарсы жұмсау үшін Англия-Франция көбірек елдер тартқысы келеді. Міне, демократиялық Еуропадағы жаңа саясат осындай деп ойын түйіндейді саясаткер.

Араб дүниесін де Мұстафа Шоқай өзінің саяси назарынан тыс қалдырмаған. Бұл 1937 және 1938 жылдары жазылған «Халықаралық өмірден» атты екі мақалада арнайы сөз болады. Оларда соңғы кездері Сирияның «француз майданынан» ресми құтылып, Ұлттар Ұйымына кіруге дайындалып жатқаны, Мысыр елінің шетелдіктердің шеңгелінен құтылғаны, Ирак Үкіметінің Түркия, Иран, Ауғанстанмен бірге Шығыс Одағына кіріп, тәуелсіздік бағыт ұстануы туралы жазылған. Автор сонымен қатар халықаралық оқиғалардың ең бастыларының қатарына жатқызғаны соңғы екі жылда Палестинаның арабтар мен олардың мекеніне көшіп келіп жатқан еврейлердің қанды қақтығыс майданына айналғаны еді. Бұл қайшылықтар мен қақтығыстар соңғы ғасырда күшейе түспесе, еш тыйыла қойған жоқ. Мұның барлығының себебін Мұстафа Шоқай Араб әлемі өзінің ішкі бірлігін қамтамасыз ете алмай отырғанынан іздейді. Сол кездерден бері ғасырға таяу уақыт өтсе де, көреген саясаткер ойы өзінің өміршеңдігінен әлі ешбір тайған емес.

Мұстафа Шоқай – өз кезіндегі Ұлттар Ұйымы туралы да қалам тартқан саясаткер. Егер Түркия сияқты елдер мүшесі болып, әлемдік адамзат қауымдастығында өзінің орнын алып жатса қуанып, ал Ұйым қадамды қайшы басып жатса, сынап отырған ол өз кезіндегі халықаралық қатынастарды уландырып, дүниені соғысқа итермелеп жатқан фактордың бірі – кеңестік Ресейдің Ұлттар Ұйымында болуы дейді. Сондықтан халықаралық қатынаста кеңестік Ресейді ақиқат пен моральдың сақшысы етіп көрсетуге тырысып отырған бұл Ұйымға сену қиын дейді. Мұстафа Шоқайдың бұл ойын кейде ірі мемлекеттер жетегінде кететін Ұлттар Ұйымы сан рет дәлелді.

Мұстафа Шоқайды қаламы жүйрік публицист қана емес, үлкен саяси сахнадағы қайраткер ретінде таныта түскен оның 1924, 1925 және 1929 жылдарғы Лондонға мақсатты сапарлары екеніне дау жоқ. 1933 жылғы 15 сәуірде соңғы рет сапардан оралғаннан кейін іле-шала жазылған «Лондонға сапар туралы қысқаша жазба» атты материалында 1929 жылғы 27 және 29 наурыздарда жасаған «Совет Одағы және Шығыс Қазақстан» және «Большевиктер диктатурасынан 15 жыл кейінгі Түркістан» атты француз тілінде екі баяндамасын Лондонның зиялы қауымының жылы қабылдағаны туралы айтылады. Әсіресе, Түркістанға қатысты патшалық Ресейдің саясаты туралы баяндамашы аузынан естігенде ағылшындар орыс ақпараты тұрақты кері айтып келіп еді ғой деп таң қалады.

Бір мақалада Мұстафа Шоқайдың халықаралық саясат тақырыбындағы шығармашылық қуатының бар қыр-сырын талдап шығу мүмкін емес. Біз алдымызға ондай мақсат та қойып отыған жоқпыз. Дегенмен талдау логикасының аса күштілігіне, тамаша публицистің қаламының өткірлігіне, объектіге алған мемлекеттердің саяси ахуалын, әлеуметтік-экономикалық әлеуетін жетік білетініне таңданбау мүмкін емес. Осылардың өзі Мұстафа Шоқайдың өз дәуіріндегі халықаралық мәселелерді биік деңгейде зерделегенін, екінші дүние жүзілік соғыс алдындағы әлем елдерінің беталысын көрегендікпен болжай алған теориялық терең білімді халықаралық саяси сарапшылардың бірі ғана емес, бірегейі деуге толық негіз бола алады.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдарының докторы, профессор